ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз
ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!
www.election.gov.kz

# Уақыт тынысы
## Пульс времени
ҮРЖАР АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІ

*ГАЗЕТ 1934 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ* *№ 29 (7676) БЕЙСЕНБІ 6 ТАМЫЗ 2026 ЖЫЛ*

**# ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП**

## Жол қауіпсіздігі мен балалар құқығын қорғау мәселелері талқыланды

**Өткен аптада Үржар ауданы әкімдігі жанындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының кезектен тыс отырысы өтті.**



Комиссия отырысында аудан аумағындағы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы өзекті мәселелер қаралды. Күн тәртібіне екі маңызды мәселе енгізілді. Атап айтқанда, жол-көлік оқиғаларына жан-жақты талдау жүргізу, олардың негізгі себептері мен қауіп факторларын анықтау, сондай-ақ балаларға қатысты жасалған қылмыстардың жай-күйі талқыланды.

Отырыс барысында жауапты мемлекеттік органдардың өкілдері аталған бағыттар бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы есеп беріп, құқық бұзушылықтардың алдын алу, жол қозғалысы қауіпсіздігін күшейту және кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бойынша қабылданып жатқан шараларға тоқталды. Сонымен қатар орын алып отырған өзекті мәселелер сараланып, оларды шешудің тиімді жолдары қарастырылды.



Аудан әкімі қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жол-көлік оқиғаларының алдын алу және балалардың қауіпсіздігін сақтау мәселелері тұрақты бақылауда болуға тиіс екенін атап өтті. Осыған байланысты жауапты мекемелерге профилактикалық жұмыстарды күшейту, ведомствоаралық өзара іс-қимылды жетілдіру және халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізу жөнінде нақты хаттамалық тапсырмалар берілді.

Қабылданған шешімдердің орындалуы Үржар ауданы әкімдігі жанындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның тұрақты бақылауында болады.

**# АУЫЛ ҚҰТҚАРУШЫЛАРЫ**

## Үржар ауданында жаңа өрт сөндіру бекетінің құрылысы қарқынды жүріп жатыр

**Абай облысының Үржар ауданында ауылдық елді мекендердің қауіпсіздігін арттыруға бағытталған іс-шаралар жалғасуда. «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы шеңберінде ауданда бірнеше жаңа өрт сөндіру бекеттерін салу және өңірдегі төтенше жағдайларға жедел әрекет ету жүйесін жетілдіру жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Олардың басты мақсаты — ауыл халқының өмірі мен мүлкін сенімді қорғауды қамтамасыз ету.**

***Зарина ОМАРОВА***





Осы маңызды жобалардың бірі — Бестерек ауылында салынып жатқан өрт сөндіру бекеті. Әлеуметтік маңызы зор нысан «Урожай» шаруа қожалығының басшысы Тепсаев Юнадий Юниевичтің демеушілігімен, жеке қаражаты есебінен жүзеге асырылуда. Құрылыстың басталуы 2026 жылғы шілде айына сәйкес келіп, мердігер ұйым бекетті қысқа мерзім ішінде аяқтап, пайдалануға беруді жоспарлап отыр.

Аудан әкімі Ақылбек Башимбаев жуырда Бестерекке арнайы барып, құрылыс барысымен танысты. Жұмыс барысында мердігер құрылыс кестесіне сай жұмыс істеп жатқаны және қажетті қауіпсіздік, инженерлік талаптар сақталып жатқанын хабарлады.

Жобаның іске қосылуы Бестерек ауылдық округіне тікелей тиесілі Бестерек, Қазымбет және Ер Қабанбай ауылдарының тұрғындары үшін маңызды. Бұл елді мекендерде тұратын шамамен 2 200 адам жаңа нысанның көмегімен өрт қауіпсіздігі жүйесінің ұтымды қызметіне қол жеткізеді. Бекет ашылғаннан кейін төтенше жағдайларға жедел ден қою уақыты қысқарып, алғашқы жәрдем көрсетуді ұйымдастыру мен тұрғындарды қауіпсіз жерлерге эвакуациялау шаралары жылдам жүзеге асырылатын болады.

Сонымен қатар бекеттің материалдық-техникалық базасы мен білікті өрт сөндірушілердің болуы ауылдық аумақтарда тәуекелдерді азайтып, апаттық жағдайлар орын алған кездегі зардаптарды минимумға түсіруге мүмкіндік береді. Жобаның жүзеге асуы нәтижесінде жергілікті азаматтардың тыныштығы артып, ауыл халқының сенімі нығаяды.

Бұл бастама мемлекеттік қолдау мен жергілікті кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілік танытуының үйлесімі ретінде ерекше маңызды. Мемлекеттік бағдарламалар арқылы берілген бағыт-бағдар мен жеке инвесторлардың қолдауы ауылдық аумақтардың инфрақұрылымын жетілдіруге, тұрмыс сапасын көтеруге және төтенше жағдайларға қарсы қорғаныс жүйесін жүйелі түрде нығайтуға бағытталған. Осындай қоғамдық маңызы бар жобалар жалпы қоғамға үлгі болып, басқа аудандарда да ұқсас бастамалар туындауына түрткі болады.

Аудан әкімдігі мен төтенше жағдайлар бөлімшелері тұрғындарға өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау қажеттігін ескертіп отыр. Ауыл тұрғындарына өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау, өрт шығу себептерін жою және қауіпті жағдайлар туындаған кезде дереу хабарлау тәртібі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылуда.

Бекет толық бой көтеріп, қызмет атқара бастағаннан кейін жергілікті тұрғындардың құқықтары мен меншігін қорғау, төтенше жағдайларға жедел ден қою және ауданның жалпы қауіпсіздік инфрақұрылымын нығайту бағытында айтарлықтай оң өзгерістер күтілуде.

**# ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС**

# Аудан әкімі «Тарбағатай» оқыту-сауықтыру орталығының жұмысымен танысты

**Үржар ауданының әкімі Башимбаев Ақылбек Жұмабекұлы Тарбағатай тауының баурайындағы көрікті табиғат аясында орналасқан «Тарбағатай» оқыту-сауықтыру орталығына арнайы барып, оның тыныс-тіршілігімен танысты.**

Жұмыс сапары барысында аудан басшысы лагерьде балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру деңгейін көріп, олардың қауіпсіздігі мен жайлы тынығуына жасалған жағдайларға назар аударды. Сондай-ақ орталық басшылығымен және қызметкерлерімен кездесіп, мекеменің материалдық-техникалық базасы, қызмет сапасы мен алдағы даму жоспарлары жөнінде пікір алмасты.

Кездесу барысында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жазғы демалыстың мазмұнын байыту, тәрбиелік және танымдық іс-шаралардың тиімділігін арттыру мәселелері кеңінен талқыланды. Сонымен қатар лагерьдің инфрақұрылымын кезең-кезеңімен жаңғырту, заманауи талаптарға сай жабдықтау және балалардың сапалы демалуына қолайлы жағдай жасау бағытындағы жоспарлар қарастырылды.

Биылғы жазғы маусымда маусым–шілде айлары аралығында «Тарбағатай» оқыту-сауықтыру орталығына 560 баланы қабылдау жоспарланған. Мұнда Үржар ауданынан қатар, Абай облысының өзге де аудандарынан келген оқушылар жазғы демалыстарын мазмұнды әрі пайдалы өткізуде.

Аудан әкімі балалардың қауіпсіз әрі сапалы демалысын ұйымдастыру, олардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға қолайлы жағдай жасау аудан әкімдігінің басты басымдықтарының бірі екенін атап өтті. Осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасып, балалардың жан-жақты дамуына және олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінетін болады.

**Өз тілшіміз**

**# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ**

# *Мемлекеттік қызмет – жастар үшін!*

**Бүгінде мемлекеттік қызметте жас мамандар үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашылуда. Жүргізіліп жатқан реформалардың нәтижесінде жоғары оқу орындарының дарынды түлектері конкурстық іріктеуден өтпей-ақ мемлекеттік қызметте кәсіби еңбек жолын бастап, өңірлерінің дамуына және мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге өз үлестерін қосуға мүмкіндік алып отыр.**




Соңғы жылдары мемлекеттік қызмет жүйесінде білікті кадрлар мен талантты түлектерді тартуға бағытталған бірқатар маңызды реформалар жүзеге асырылуда. Осындай бастамалардың бірі – жоғары оқу орындарының түлектері оқу үлгерімі нәтижесі 3,33 GPA көрсеткішінен төмен емес болған жағдайда, оқуды аяқтағаннан кейін бір жыл ішінде ауылда, ауданда және облыс орталығы емес қалалардағы мемлекеттік органдардың басшылық емес лауазымдарына тікелей қабылдану мүмкіндігі.

Биыл 1 шілдеде күшіне енген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» жаңа Заңға сәйкес жоғарыдағы талаптарға сай келетін әрбір түлек мемлекеттік қызметке конкурссыз орналаса алатын болса, бұған дейін бұл мүмкіндікпен тек мемлекеттік грант иегерлері ғана қолданып келген болатын. Жаңа Заңдағы жаңашылдықтар арқасында қазірден бастап жоғары оқу орнының үздік түлектерінің барлығы осы мүмкіндікті пайдалана алады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаментімен келісу арқылы конкурстық іріктеусіз 41 түлек мемлекеттік қызметке тағайындалды. Атап айтқанда, Жаңасемей ауданына – 9 түлек, Жарма ауданына – 6, Бесқарағай ауданына – 4, Аягөз және Үржар аудандарына – 2 түлектен, Ақсуат, Абай және Көкпекті аудандарына, сондай-ақ Курчатов қаласына – 1 түлектен жұмысқа орналастырылды.

Сонымен қатар, түлектер аумақтақ департаменттердің аудандық бөлімшелеріне де жұмысқа орналастырылды. Атап айтқанда, Абай облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне – 8 түлек, Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің облыстық аумақтық инспекциясына – 5 түлек, сондай-ақ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциясына – 1 түлек қабылданды.

Айта кету керек, бұл мүмкіндік аудандық және ауылдық деңгейдегі кадр тапшылығы мәселесін шешуге оң ықпал етіп, мемлекеттік қызметтегі жастардың үлесін арттыруға септігін тигізуде.

Жалпы, аталған бастаманы іске асыру кәсіби әрі бәсекеге қабілетті мемлекеттік аппаратты қалыптастырып, жас мамандар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Дарынды жастарды қолдау және олардың кәсіби дамуына қолайлы жағдай жасау – мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру мен өңірлердің одан әрі дамуын қамтамасыз етудегі маңызды қадамдардың бірі.

Қосымша ақпарат алу үшін: Мекенжай: Семей қаласы, Аймаутова көшесі 143 А, (Бизнес және сервис колледжі ғимараты) 2 қабат, 208 кабинет, Мемлекеттік қызмет басқармасы. Жұмыс уақыты: дүйсенбі-жұма 09:00-18:30, түскі үзіліс 13:00-14:30. Байланыс телефондары: 8 7222 35-41-62, 8 7222 35 41 72, 8 702 540 8555.

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаменті**

**# ҚҰРЫЛТАЙ**

# Сайлаушылар тізімдерінде өзіңізді қалай тексеруге болады?

**2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.**

Әрбір азамат өзі туралы сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді оның тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелерінің үй-жайларында дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап тексере алады.

Әскери бөлімдерде, шалғай және қатынасу қиын аудандарда, демалыс үйлерінде, санаторийлік-курорттық ұйымдарда, үздіксіз жұмыс істейтін өндірісі бар ұйымдарда, жұмысты вахталық әдіспен ұйымдастыру орындарында, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің жанынан құрылған сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімдермен дауыс беру күніне бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 17 тамыздан бастап таныса алады.

Тізімге енгізілмеген, дұрыс енгізілмеген немесе тізімнен шығарып тасталған, сондай-ақ дәлсіздік жіберілген жағдайда азамат сайлау комиссиясына сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді түзету қажеттігі туралы шағымдануға құқылы.

Түзетуді немесе тізімге енгізуді сайлау комиссиясы дереу жүргізеді. Сайлау комиссиясы өтініш мақұлданбаған жағдайда азаматқа оның өтінішін мақұлданбағаны туралы уәжді шешімнің көшірмесін дереу береді. Шешім бойынша сайлау комиссиясы орналасқан жердегі сотқа шағым жасалуы мүмкін, сот шағымды келіп түскен күні қарайды.

Жаңару үшін дауыс бер!

**Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы**

**# КУРУЛТАЙ**

# Как проверить себя в списках избирателей?

**23 августа 2026 года состоятся выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.**

Каждый гражданин вправе проверить данные о себе в списках избирателей за пятнадцать дней до дня голосования или с 7 августа 2026 года в помещениях избирательных комиссий по месту своего проживания.

На избирательных участках, образованных в воинских частях, отдаленных и труднодоступных районах, в домах отдыха, в санаторно-курортных организациях, в организациях с непрерывно действующим производством, в местах организации труда вахтовым методом, специальных учреждениях, обеспечивающих временную изоляцию от общества, при загранучреждениях Республики Казахстан в иностранных государствах избиратели могут ознакомиться со списками за пять дней до дня голосования или с 17 августа 2026 года.

При невключении, неправильном включении или исключении из списка, а также допущении неточности, гражданин вправе подать заявление в избирательную комиссию о необходимости исправления данных в списках избирателей.

Исправление или включение в список производится избирательной комиссией немедленно. В случае отклонения заявления избирательная комиссия безотлагательно выдает гражданину копию мотивированного решения об отклонении его заявления. Решение может быть обжаловано в суде по месту нахождения избирательной комиссии, суд рассматривает жалобу в день ее поступления.

Голосуй за обновление!

**Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан**

# Қоғам

**# ҚҰРЫЛТАЙ**

## Құрылтайға дайындық мәселелері қаралды

**Ағымдағы жылдың 23 тамыз күні өтетін Құрылтай депутаттарының сайлауы – ел өміріндегі маңызды іс-шаралардың бірі. Сондықтан оған дайындық жұмыстары жан-жақты әрі сапалы жүргізілуі тиіс.**

*Гүлнәр ЖАҚАШЕВА*



Бүгінгі жиынның күн тәртібіндегі негізгі мәселе – Құрылтай депутаттарының сайлауына дайындық жұмыстарының барысы.

Маңызды қоғамдық-саяси іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастыруға бағытталған жұмыстардың орындалу барысын саралап, атқарылатын жұмыстар мен алдағы міндеттерді нақтылау мақсатында өткізілген жиынға Үржар ауданының аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Е.Каримов, төраға орынбасары Б.Ғалиев, Ардагерлер кеңесі қоғамдық бірлестігінің өкілі Қ.Баисинов, Ауыл партиясынан Т.Ертісұлы, Әділет партиясы Үржар аудандық филиалының төрағасы Е.Бейсенов, Ұйымдастыру бөлімінің маманы Ә.Нұрбекқызы, Ішкі саясат бөлімінен Д.Темірханқызы, Ғ.Берікқанұлы және БАҚ өкілдері қатысты.

Осыған байланысты жауапты мекемелердің атқарған жұмыстары тыңдалып, дайындық деңгейінің барысы пысықталды. Сол сияқты алдағы Құрылтайды жоғары деңгейде ұйымдастыруға байланысты дайындық жұмыстарының барысын талқылау үшін үйлестіру бойынша жұмыстар нақтыланды. Әрбір жүктелген міндеттердің уақытылы әрі талапқа сай орындалуы керектігі айтылды.

Үржар ауданының аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Е.Каримов, Құрылтай депутаттарының сайлауын әзірлеу және өткізу барысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын және Орталық сайлау комиссиясының нормативтік қаулыларын басшылыққа алу қажеттігіне басымдық беріп төмендегідей ақпараттармен бөлісті.

Партиялық тізімдерге енгізілген тіркеу қорытындылары бойынша, партиялық тізімдерге енгізілген кандидаттар саны 545, депутаттық мандаттардың жалпы саны 145, партиялық тізімдердегі әйелдер, жастар және мүгедектігі бар адамдардың жиынтық үлесі 43,9 пайызды құрайды.

Партиялар бойынша кандидаттар саны «Әділет» партиясы - 186 кандидат, «Respublica» партиясы - 75 кандидат, Қазақстан халық партиясы - 72 кандидат, «Ауыл» партиясы - 69 кандидат, «Ақ жол» партиясы - 63 кандидат, «Байтақ» партиясы - 47 кандидат, Жалпыұлттық социал-демократиялық партия (ЖСДП) - 33 кандидат.

Жиында атқарылған жұмыстардың барысы тыңдалып, дайындық деңгейі сараланды. Сонымен қатар әлі де пысықтауды қажет ететін мәселелер қаралып, оларды шешу жолдары анықталды.

**# ТӘРБИЕ ЖӘНЕ БІЛІМ**

## Білім саласы — білім сапасымен бағаланады

**Тәуелсіз еліміздің әлемдегі алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттер қатарына енуінде ұлттық тәрбие, өнер-білім, ғылым, әдебиет пен мәдениеттің маңызы зор. Осы қағиданы басшылыққа ала отырып, Үржар аудандық білім бөлімі Тәуелсіздіктің 35 жылдық мерекесіне арналған оқу жылын қандай жетістіктермен аяқтағанын оқырманға жеткізу мақсатында бөлімнің ұзақ жылдар бойы қызмет ететін сектор меңгерушісі Қонаева Құралай Базарбекқызымен сұхбаттастық.**

*Амантай ОСПАНОВ*

Қазіргі таңда аудан бойынша жалпы 39 білім мекемесі жұмыс істейді: оның ішінде 33 орта мектеп (оның 30 жалпы типтік, 3 бейімделген), 5 балабақша (3 мемлекеттік, 2 жеке меншік) және 1 музыка (саз) мектебі бар.

Жылу жүйелері бойынша жағдай төмендегідей: 20 мектеп орталық қазандықпен жылытылады.

Сағат, Тасарық, Теректі және Батпақты мектептері пешпен жылытылады. 9 мектеп және 1 балабақша тефлон (өнеркәсіптік) қазандығымен қамтамасыз етілген. 1 балабақша электр қазандығымен, 1 балабақша мен саз мектебі орталықтандырылған жылу жүйесі арқылы жылытылады. Қажетті көмір көлемі - 7 675,5 тонна.

Аудан бойынша 0–11 сыныптарда барлығы 7 101 оқушы оқиды: 1–4 сыныптарда 2522, 5–9 сыныптарда 3078, 10–11 сыныптарда 884 оқушы. Сыныптар саны - 483, комплектілі класс саны - 454, шағын жинақты мектептер (МКШ) - 23.

Барлығы 1137 педагог қызметкер жұмыс істейді: магистр дәрежесі барлары - 82, жоғары білімді - 976, арнаулы орта білімді - 79. Педагогтердің санаттары бойынша: зерттеуші - 261, сарапшы - 328, модератор - 286, педагог - 256, жоғары санатты - 4, екінші санатты - 2, кіші қызметкерлер саны - 861.

Аудан бойынша 27 балабақшада барлығы 1020 бала тәрбиеленеді: оның ішінде 22 мектеп-бақшада - 640 бала, 3 мемлекеттік балабақшада - 305 бала, 2 жеке меншік балабақшада - 75 бала. Балабақша педагогтерінің саны - 185 (магистрі - 1, жоғары білімді - 39, жоғары санатты - 1, екінші санатты - 1, санатсыз - 25). 31 шағын орталықта 604 бала қамтылған: толық күн режимінде 279 бала, қысқа күндік топтарда 325 бала. Өкінішке орай, балабақша кезегінде барлығы 541 бала тұр, оның ішінде Үржар ауылында - 372 бала.

2025–2026 оқу жылында оқушылардың білім сапасын анықтауда келесі көрсеткіштер айрықша: аудандық пән олимпиадасына 1 089 оқушы қатысып, 571 оқушы жүлдегер атанды. Облыстық пән олимпиадаларына 291 оқушы қатысып, 113 оқушы жүлделі орындарға ие болды. Республикалық пән олимпиадаларында ауданнан 9 мектептен 19 оқушы қатысты, олардың 7-і жүлделі орындарға ие болды. Облыстық олимпиада қорытындысы бойынша Үржар ауданы жалпы есепте 2-орын алды.

2026 жылы орта мектепті бітірген 441 түлектің ішінен 35 оқушы «Алтын белгі», 25 оқушы «Ерекше аттестат» иегері атанды. «Алтын белгі» иегерлерін мектептер бойынша атап өтсек: М.Сапарқұлова, Төлеухан Сындар, Т.Хамидова (Абай ОМ), А.Темірханова, К.Лободин (Абылайхан ОМ), А.Оралханова, Б.Сырлыбаев (Алтынсарин ОМ), А.Қонақынова (Алтыншоқы ОМ), А.Төкенова, Д.Қыдырмолдинова, Д.Қызырбекова, Қасымбек Мөлдір, Е.Жеңісов (Бестерек ОМ), А.Байтоқова, Серікқазы Шұғыла (Егінсу ОМ), Асхат Жасмин (Жанай ОМ), Темірғали Әділ, Пернебек Темірлан (Жансүгіров ОМ), Әмірғазы Айым (Жүзағаш ОМ), Д.Нұрмұхамбетова, Есболқызы Таңнұр, Маратқызы Марал (Қ.Игенбай ОМ), Б.Сақажанова (Кішкенетау ОМ), Т.Айтпаева (Көкөзек ОМ), Шаяхмет Нұрай (Көлденең ОМ), Е.Хрулева, Алтынбек Еркебұлан, Төлеуғазы Айғаным, І.Сілямбекова, Н.Бияхметова (Момышұлы ОМ), А.Сүлейменова (Науалы ОМ), А.Қартқожанова, А.Мақсұтханова, Э.Молданова (Төлеубеков ОМ), Д.Абаева (Уалиханов ОМ).

ҰБТ бойынша жоғары нәтижелер: 100-ден жоғары балл жинаған оқушылар атап өтілді. Олардың ішінде: Төлеухан Сындар (Абай атындағы орта мектебі) - 127 балл; Бияхметова Нұрай (Б.Момышұлы атындағы орта мектебі) - 126 балл; Э.Молданова (Қ.Төлеубеков атындағы орта мектебі) - 125 балл; Б. Сырлыбаев (Алтынсарин атындағы орта мектебі) - 118 балл; Д.Қыдырмолдинова (М.Хасенов атындағы Бестерек орта мектебі) - 117 балл және тағы басқалар.

Жергілікті кәсіпкерлердің қолдауы да көңіл қуантады. Мысалы, ауданымыздың «Құрметті азаматы» Ақылбек Нұржақыпұлы Дүйсенбаев биыл да дәстүр бойынша Бестерек орта мектебінің ең жоғары ұпай жинаған түлектерінің біріне 200 мың теңге көлемінде сертификат табыстады. Мұндай бастамалар білімді ынталандыруда, жастарға сенімділік беру кезінде маңызы зор.

Аудандық білім бөлімінің мәліметіне сәйкес, қосымша білім беру жүйесіне мынадай көрсеткіштер бойынша балалар тартылған: қосымша білім берумен - 7062 оқушы, спорт секцияларымен - 4358 оқушы, музыка мектебіне - 247, мектеп үйірмелеріне - 2251, спорт мектебіне - 1019, ТОО «Сенім» Семей платформасына - 140, «Самғау» өнер және спорт мектебіне - 173, «Арлан» өнер-білім мектебіне - 106 бала.



Аудандық білім бөлімінің сектор меңгерушісі Қонаева Құралай Базарбекқызының айтуынша, әр мектептің материалдық-техникалық базасын қазіргі заман талаптарына сай күшейту — басты мақсаттардың бірі. Барлық мүмкіндіктер және резервтер тиімді пайдаланылуда. Сонымен қатар ұлттық тәрбие мен сапалы білім беру бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады.

Білім — қоғамның басты байлығы. Жүсіп Баласағұнидің «Бар ізгілік тек білімнен алынар» деген ойы әрқашан өз орындылығын сақтайды. Үржар ауданындағы жетістіктер — мұғалім мен оқушы еңбегінің, ата-ана қолдауы мен жергілікті қоғамның бірлескен жемісі. Аудандық білім бөлімінің жұмысы мен білім беру сапасын арттыруға бағытталған бастамалары алдағы уақытта да нәтижелі болсын.

# ПІКІР

## Құрылтай сайлауы: әрбір үміткерге тең мүмкіндік

**Ләйла Дүйсенова, Үржар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы:**

Бүгінгі таңда елімізде жүзеге асырылып жатқан ауқымды саяси реформалар мен алдағы Құрылтай сайлауы – қоғамдық дамудың жаңа кезеңі. «Құрылтай сайлауы: әрбір үміткерге тең мүмкіндік» деген басты қағида саяси бәсекелестіктің әділ өтуін қамтамасыз етіп қана қоймай, елдегі әрбір азаматтың әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуға бағытталған ортақ мақсатты айқындайды.

Үржар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі үшін сайлауға қатысып жатқан барлық саяси партиялардың тұғырнамаларындағы әлеуметтік қорғау, атаулы әлеуметтік көмек пен тұрақты жұмыспен қамту мәселелерінің жүзеге асырылуы ерекше маңызды.

Әрбір үміткер мен партияға тең мүмкіндік берілуі – олардың халыққа ұсынатын бағдарламаларының шынайылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Біздің бөлім күнделікті тұрмыста аз қамтылған отбасылармен, көпбалалы аналармен, мүмкіндігі шектеулі азаматтармен және қолдауға мұқтаж тұрғындармен тікелей жұмыс істейді. Сондықтан сайлауға қатысушы әрбір партияның бағдарламасында тұрақты жұмыс орындарын құру, әсіресе жастарды еңбекпен қамтуды арттыру, әлеуметтік нысандарды талапқа сай пандустармен және көтергіш платформалармен жабдықтау, әлеуметтік әділдік пен ашықтықты қамтамасыз ету, мемлекеттік көмектің шын мұқтаж жандарға жетуін бақылау сияқты бағыттардың көрініс табуы – уақыт талабы.

Бүгінде Үржар ауданында әлеуметтік саланы дамыту және кедергісіз инфрақұрылым қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Сайлауға қатысып жатқан партиялар ұсынған кандидаттардың тұрғындардың мұң-мұқтажына тең көңіл бөліп, оны өз бағдарламаларында ескеруі ауданымыздың әлеуметтік әлеуетін арттыруға оң серпін береді. Саяси жүйеге халықтың талап-тілегін терең түсінетін жаңа халық қалаулыларының келуі әлеуметтік бағдарламалардың ауылдық жерлерде сапалы әрі тиімді жүзеге асуына ықпал етеді.

Біз алдағы сайлауда ел сеніміне ие болатын депутаттармен тығыз әріптестікте жұмыс істеп, Үржар ауданы тұрғындарының әлеуметтік құқықтарын қорғауға және өңірімізге жаңа әлеуметтік жобаларды тартуға бірлесіп күш саламыз.

Сайлау – жай ғана саяси науқан емес. Бұл – әрбір отбасының ертеңгі күнге деген сенімін нығайтатын маңызды қадам. Осы орайда аудан тұрғындарын сайлауға белсенді қатысып, әділдік пен әлеуметтік қолдауды басты орынға қоятын партиялар мен үміткерлердің бағдарламаларымен жан-жақты танысып, өз таңдауларын жасауға шақырамын.

# БӘРЕКЕЛДІ!

## «Әлемдік рекордтар» орденінің иегері

**Үржар өңірінің мақтанышына айналған қолөнер шебері, ұлттық құрақ өнерінің жанашыры Самаржан Байжақыпқызы Сүттібаева халықаралық деңгейдегі үлкен жетістікке қол жеткізді. Ол әлемдік деңгейде мойындалып, «Әлемдік рекордтар» орденінің иегері атанды.**

*Амантай ОСПАНОВ*

Самаржан Байжақыпқызының есімі аудандық «Уақыт тынысы» газетінде алғаш рет биылғы жылдың 16 сәуірінде жарияланып, оның ұлттық қолөнерді дамытудағы еңбегі көпшілікке таныстырылған болатын. Содан бері шебердің шығармашылық жолы жаңа белестермен толығып келеді.

Жуырда Самаржан апай аудандық басылымның тілшілерімен кездесіп, алған марапаттары мен сертификаттарын таныстырды.

2026 жылдың 15 мамырында Өскемен қаласында өткен «Аламан құрақ» жобасы аясындағы байқауға белсенді қатысып, ұлттық қолөнерді жаңғыртуға қосқан елеулі үлесі үшін «Аламан құрақ» құрақшылар одағының төрайымы Нұргүл Абайханның қолынан «Алтын медаль» мен арнайы сертификатқа ие болды.

Ал 1 шілдеде Алматы қаласында ұйымдастырылған, шеберлер арасындағы беделді «ALAMAN QVRAQ» халықаралық жобасына қатысып, республиканың 17 облысынан жиналған үздік жұмыстар қатарында өзінің «Барқытбел» құрақ көрпесін (260×90 см) және «Шығыстың тұлпары» жастығын (90×90 см) көпшілік назарына ұсынды. Байқауға дейін дайындалған құрақ көрпенің жалпы ұзындығы 2,5 шақырымнан асып, ерекше еңбектің нәтижесін көрсетті.

Байқауға Қазақстанмен қатар Ресей, Қытай, Татарстан, Өзбекстан, Қырғызстан және өзге де мемлекеттерден келген сарапшылар қатысып, жұмыстарды жан-жақты бағалады. Сарапшылар шешімімен Самаржан Байжақыпқызы Сүттібаева «Әлемдік рекордтар» орденімен және арнайы сертификатпен марапатталды.

Бұл – тек бір шебердің ғана емес, қазақтың ұлттық қолөнерінің халықаралық деңгейде мойындалғанының жарқын дәлелі. Самаржан Байжақыпқызының қажырлы еңбегі мен шығармашылығы ұлттық мұраны дәріптеуге, кейінгі ұрпаққа насихаттауға зор үлес қосып келеді.



Самаржан Байжақыпқызын айтулы марапатымен шын жүректен құттықтай отырып, алдағы уақытта да шығармашылық шабыт, толайым табыс, тың идеялар мен жаңа биіктер тілейміз. Ұлттық өнердің мерейін асырып, ел абыройын асқақтата беріңіз!

# АГРОСЕКТОР

## Мал азығын дайындау — маңызды іс

**Өз елімізде «Жаздың бір күні – жылға азық» деген даналық бар. Бұл тәмсіл төрт түлікті қыстан аман-есен өткізу үшін жаздың әрбір күнін тиімді пайдалану керектігін ескертеді. Сондықтан да Үржар ауданының 16 ауылдық округінде мал азығын дайындау тұрғындар мен шаруа қожалықтары үшін басты міндеттердің бірі болып отыр.**

Аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінен алынған ресми мәліметтерге сүйенсек, биылғы жылы Үржар ауданы бойынша қатаң мал азығын дайындаудың жоспары барлығы 119 000 тоннаға бекітілген. Оның ішінде шаруа қожалықтары 39 600 тонна, қарапайым халық 79 400 тонна дайындауды мақсат еткен.

Шілденің 3-іне есеп бойынша жоспардың жалпы көлемінен 63 480 тоннасы дайындалған. Бұл көрсеткіштің ішінде шаруа қожалықтары 30 195 тонна, қарапайым тұрғындар 33 250 тонна мал азығын дайындап үлгерген. Осылайша аудан жоспардың 53 пайыз шамасына қол жеткізген деп айтуға болады.

*Жұмыстарды жақсы ұйымдастырған ауылдық округтер*

Аудан әкімдігі мен бөлім мамандарының бағалауында ерекше белсенділік танытқан бірнеше ауылдық округ арнайы атап өтілді. Оның ішінде: Барқытбел ауылдық округі — жоспар көрсеткішін 100 пайыз орындады. Бестерек ауылдық округі — 82,5 пайыз орындады. Елтай ауылдық округі — 70,3 пайыз орындады. Көлденең ауылдық округі — 70 пайыз орындады.

Бұл округтердің жетістігі — жоғары ұйымдастырушылық қабілет пен еңбекқорлықтың нәтижесі. Олардың тәжірибесі басқа округтерге үлгі болуға тиіс.

Азық бағасы мен нарық жағдайы ауылдық округтерде руллон (шөп орамы) бағасы әртүрлі қалыпта қалып отыр. Елтай ауылдық округінде әр руллон 10 мың –13 мың теңге аралығында сатылса, қалған 15 округте баға 8 мың –12 мың теңге шамасында. Бағадағы айырмашылықтар, әдетте, сапа, тасымалдау шығындары, сақтаудың жағдайы және жергілікті сұранысқа байланысты.

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің жас маманы Жанымханов Жігердің айтуынша, мал азығын дайындау — екпінді еңбек майданы. Ауыл шаруашылығы саласының қызметкерлері ауа райының игілігін пайдаланып, қолда бар мүмкіндіктер мен резервтерді толық жұмылдырып жатыр. Ағымдағы жылы тағы да жергілікті тұрғындардың ынтасы жоғары, сондықтан жоспар көрсеткіштері жақын арада артады деп болжауға болады.

Бірақ кейбір қиындықтар да бар. Біріншіден, ауа-райының кенет өзгерісі немесе ұзақ жауын-шашын жиналған шөптің сапасына әсер етуі мүмкін. Екіншіден, руллон жасауға қажетті құрал-жабдықтардың жетіспеушілігі немесе ескіруі аймақтағы кейбір шаруа қожалықтары мен тұрғындардың өнімділігіне кедергі келтіруі ықтимал.

Осы орайда ауылшаруашылық бөлімі алдағы уақытта техника паркін жаңарту, мал азығын сақтау орындарын жақсарту және тұрғындар арасында ұйымдастыру-шаруашылық бағыттағы кеңестер мен оқыту жұмыстарын күшейтуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар, бағаны тұрақтандыру үшін ауылдық округтер арасындағы кооперация мен логистика жақсартылуы тиіс.

Мал азығын дайындау — бұл тек техникалық немесе шаруашылық іс емес, ол — ауыл өмірінің тірегі, дәстүр мен еңбек мәдениетінің көрінісі. Үржар ауданындағы белсенділік пен ұйымдастырушылық көрсеткіштер алдамайды: тұрғындар мен шаруа қожалықтары өз міндетін түсініп, жаздың әр күнін тиімді пайдаланып жатыр. Жоспардағы қалған көлем дер кезінде орындалса, аудан қыстық мал азығымен толық қамтамасыз етіледі.

# ТАРИХ ПАРАҚТАРЫ

# ЕР ҚАБАНБАЙ – ТӨРТ ДӘУІРДІ БАСТАН КЕШКЕН ТАРИХИ МЕКЕН

(Шошқалыдан – Ер Қабанбайға дейінгі шежірелі жол)



**Қазақ халқының әрбір ауылы – ел тарихының алтын діңгегі. Әр төбесі мен әр бұлағы, әр өзені мен әр жотасы ғасырлар бойғы оқиғалардың үнсіз куәсі болып келеді. Сондықтан туған өлкенің тарихын зерттеу – өткенді қастерлеу ғана емес, келер ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыратын маңызды іс.**

Үржар өңіріндегі Барқытбелдің баурайында орналасқан бүгінгі Ер Қабанбай ауылы – сондай қасиетті мекендердің бірі. Бүгінде бұл ауылда алты жүзге жуық халық тұрады. Береке-бірлігі жарасқан, еңбекқорлығымен ерекшеленген ауылдан ел басқарған азаматтар, батырлар, генералдар, ұстаздар, ғалымдар мен мәдениет қайраткерлері шыққан.

Алайда бүгінгі Ер Қабанбай атауына дейін ауыл ұзақ тарихи жолдан өтті. Оның әр кезеңі халық тағдырымен, ел басынан өткен ауыр сынақтармен, еңбекпен және ерлікпен сабақтасып жатыр.

### ТАБИҒАТ БЕРГЕН АЛҒАШҚЫ АТАУ

Көнекөз қариялардың айтуынша, қазіргі ауылдың орны ерте кезде қалың қамыс басқан, адам аяғы сирек басатын табиғи алқап болған. Тарбағатайдан бастау алатын өзен осы қамыстың арасын жарып ағып, кейін Үржар өзеніне қосылатын. Өзеннің қос жағасын жабайы қабандар мекендегендіктен халық бұл өңірді «Шошқалы» деп атап кеткен.

Бұл атау жай ғана ауызекі сөз емес еді. Кеңес дәуірінің алғашқы кезеңіне дейін ауыл тұрғындарының туу туралы куәліктерінде туған жері «Шошқалы» деп жазылып келді. Кейінірек төлқұжаттарда «село Чушкалы» деген атау ұзақ жылдар сақталды. Сол кезеңнің адамдары бұл атауды айтуға қысылатындарын, сырт елге көрсетуге ыңғайсызданғандарын да жиі еске алатын.

Дегенмен бұл атау табиғаттың ерекшелігінен туған тарихи атау болатын.

### АЛҒАШҚЫ ҚОНЫСТАНУШЫЛАР

Алғашқы тұрғындар бірнеше шағын қоныс болып өмір сүрген. Олар «Бірінші», «Екінші», «Үшінші», «Төртінші» деп аталатын бөліктерге орналасып, негізінен мал өсіріп, егін еккен.

Үржар базарына артық малын, бидайын, тарысын, сондай-ақ қараған, тобылғы, ұшқат ағаштарынан дайындалған отындарын өгіз арбамен жеткізіп, сауда жасаған.

Уақыт өте келе халық қалың қамысты өртеп, жаңа жерлерді игеріп, өзеннің екі жағасына тұрақты қоныстана бастайды. Табиғатпен күресіп жүріп салынған алғашқы там үйлер кейін тұтас ауылдың негізіне айналды.

Осылайша, Шошқалы шағын қоныстан толыққанды ауыл дәрежесіне көтерілді.

### АШАРШЫЛЫҚ – АУЫЛ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕҢ АУЫР КЕЗЕҢ

1932 жылғы ашаршылық қазақ даласының мыңдаған ауылдары сияқты Шошқалыға да орны толмас қайғы әкелді.

Ел аузында сақталған естеліктер бойынша, Сәдуақас есімді азамат ауыл адамдарын Қытайға көшуге мәжбүрлеген. Көнекөз қария Камила Сейсекенова кейінгі ұрпаққа қалдырған естелігінде сол бір ауыр күндерді былай баяндайды:

– Бірнеше отбасы түн жамылып тау ішіндегі жыраларды паналап жасырындық. Біз әзер аман қалдық. Ал қалғандары Қытай асып кетті…

Аштықтың артынан сүзек, қызылша секілді жұқпалы аурулар тарап, ауыл халқының саны күрт азайды. Жұрт саңырауқұлақ, долана, итмұрын, шұғынықтың тамыры, балдырған сияқты өсімдіктермен күнелтіп, өмір үшін күресті.

Бұл – ауылдың ғана емес, тұтас қазақ халқының қасіретке толы тарихының бір парағы еді.

### «ҚЫЗЫЛ ҚАЗАҚ» АТАУЫ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫ?

Ауыл тарихындағы келесі маңызды кезең – «Қызыл қазақ» атауының пайда болуы.

Соғысқа дейін ауыл «Жаңа туған» серіктестігі болып аталған. Бір жылы ауыл еңбеккерлері мол өнім алып, жоғары көрсеткішке жетеді. Осыған байланысты ауданнан арнайы келген өкіл шаруашылыққа ауыспалы Қызыл туды табыс етеді.

Сол жиында:

«Сіздердің араларыңызда өзге ұлт жоқ екен. Бәріңіз де қазақсыздар. Ендеше бұл ауылды “Қызыл тулы қазақтар” деп атайық», – деген ұсыныс айтылады.

Уақыт өте келе «Қызыл тулы қазақ» тіркесі ықшамдалып, ауыл ресми түрде «Қызыл қазақ» атанып кетеді.

Бұл атау ондаған жылдар бойы сақталып, ел арасында кеңінен қолданылды.

### ҰЖЫМШАРДЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

